



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2023 жылғы 4 мамырдағы №ДС-127

Құрметті депутаттар!

Түркістан облысындағы магистральдық каналдарды реконструкциялауға қатысты Сіздердің сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Жетісай ауданының К-30, К-28 каналдарын күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қатысты

К-30 шаруашылық аралық каналды реконструкциялау бойынша жөндеу жұмыстары 2012 жылы басталды.

Бүгінгі күні 14 км магистральдық канал (*жоба бойынша 25 км*) және 52 км ішкі шаруашылық тармағы (*жоба бойынша 175 км*) бетондалды. Жалпы жұмыстың 42% орындалды.

2014 жылы мердігер ұйыммен шарттық міндеттемелердің орындалмауына байланысты шарт бұзылған.

Қазіргі уақытта жобалау-сметалық құжаттаманы (*бұдан әрі - ЖСҚ*) әзірлеу жұмыстары жүргізілуде, мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алу ағымдағы жылдың желтоқсан айында күтілуде. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын 2024 жылдың наурыз айында бастап, 2026 жылдың соңына дейін іске асыру жоспарлануда.

К-28 шаруашылық аралық каналын қайта құру шеңберінде 2010 жылы 5,9 км каналды бетондау және канал бойындағы гидрокұрылыстарды реконструкциялау жүргізілген.

Сонымен қатар, каналдың өткізу қабілетін және пайдалы әсер ету коэффициентін арттыру, тұрғын үйлердің аумағында сүзуді жою үшін бұрын әзірленген ЖСҚ-ны түзету жұмыстары жүргізілуде. Қаржыландыру мәселесі мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін қаралатын болады (*мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алу мерзімі 2023 жылғы желтоқсан*).

Сарыағаш ауданының Үлкен Келес магистральдық каналына (бұдан әрі - ҮКМК), Зах, Ханым, сондай-ақ Қазығұрт және Келес аудандарындағы магистральдық каналдарға күрделі жөндеу жүргізуге қатысты

ҮКМК, Зах, Ханым мемлекетаралық каналдарында жөндеу жұмыстарын жүргізу, әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасының Су ресурстарын басқару

жүйесін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының іс-әрекет жоспарында көзделетін болады.

Сонымен қоса, төтенше жағдайдың алдын алу және ҮКМК-ның техникалық жай-күйін қолдау мақсатында жыл сайын ағымдағы жөндеу жүргізуге қаражат бөлінеді.

Анықтама үшін: (2020 жылы – 40 713,9 мың теңге, 2021 жылы – 77 795,7 мың теңге, 2022 жылы – 157 481,3 мың теңге және 2023 жылға – 143 208,5 мың теңге қарастырылған).

Келес ауданындағы Саңырау каналына қатысты

Келес ауданындағы Саңырау каналы коммуналдық меншікте. Қазіргі уақытта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге ЖСҚ әзірленуде.

Мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алу 2023 жылдың қазан айында күтіледі, бұдан әрі Түркістан облысының әкімдігі құрылыс-монтаждау жұмыстарына қаражат бөлу мәселесін қарайды.

Р. Скляр